

БҰЙРЫҚ № 245

«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-сі 2023 жылғы «01» 09

2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамыз күні кеңесінің бірінші пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы тапсырмасына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы, «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 277 бұйрығының орындау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1.1. 2023-2024 оқу жылының басталу мерзімі 2023 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін. .

1.2. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы.

Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

- 1) 1-11 (12) сыныптарда күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан -5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан – 2023 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);
- 2) 1- сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда) мерзімінде белгіленеді.

1.3 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатан бақылауға алынсын.

1.4 Оқу жоспарларын әзірлеуде»Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзiмде қалдырамын.



№14 ОМ директоры

Шуйтенов С.Ж.